

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**«Бастауыш мектеп пәндерін интеграциялап оқытуда педагогтердің
пәндік құзыреттіліктерін дамыту» бастауыш мектептері және жалпы
мектептердің бастауыш мұғалімдеріне арналған**

Бағдарлама авторы:

Сарыбекова Қ.Н.- «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру»
кафедрасының п.ғ.к., доценті

**Бағдарлама келесі нормативтік-құқықтық құжаттарды ескере
отырып әзірленген:**

Бағдарламаның тақырыптық-күнтізбелік жоспарын әзірлеу барысында келесі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың

2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);

«Инклюзивті оқыту және оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәжірибесі» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы келесі құқықтық-нормативтік құжаттар негізінде жасалды: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс жасау қағидалары» туралы №377 бұйрығы (25.08.2022), ҚР Білім және ғылыми министрлігінің «Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары» №4 бұйрығы (12.01.2022) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618> және «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» №6 бұйрығы (12.01.2022) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>.

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Бастауыш мектеп пәндерін интеграциялап оқытуда педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы келесі құқықтық-нормативтік құжаттар негізінде жасалды: “Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білімберу бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жыл 4 мамырдағы №175 бұйрығына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына, «Бастауыш жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), «Педагог туралы» Заңдарға және басқа да заңнама актілері.

Қазіргі жаңа Қазақстанды құру жағдайында педагогтердің пәндік құзыреттіліктер жүйесін интеграциялап оқытуда жаңадан құндылықтарды ойлап табуды емес және қайта бағалауды емес, есесіне, қазақстандық құндылықтар жүйесін басқаша етіп құру жолдарын қарастыру қажеттілігі артып отыр. Ал бұл білім беру жүйесіндегі бастауыш мектептің әрбір мұғалімінің ғылыми тұрғыдан негізделген интеграция мазмұнындағы білім беруін қамтамасыз етуді, қоғамымыздың ізгі бағытта дамуын талап етеді. Осыған байланысты білім беру мазмұнын реформалау мемлекеттің ұлттық саясатының құнды басымдықтары қатарынан табылады. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында, әр уақытта сөйлеген сөздерінде заманауи педагогиканың даму бағдарлары педагогтердің пәндік құзыреттіліктері тұрғысында қарастырылу керектігі көрсетілген. Осы белгіленген міндет өз кезегінде жас ұрпақты интеграциялап оқытудың маңызын және мазмұнын дамытудың қажеттілігін арттырады. Және де бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу пәндерін интеграциялап оқыту негізінде қалыптастырудың өзекті екенін танытады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде бүгінгі күні барлық деңгейі мен қырында өзгерістер мен қарқынды даму бағыты байқалуда. Сондай қарқындылықтың бір арнасы білім беру жүйесіндегі интеграция үдерісімен байланысты. Білім беру үдерісіндегі интеграция қарапайымнан күрделіге қарай жүре отырып, өмір құбылыстарын біріктіре, өзара байланыстыра тануды білдіреді. Бастауыш сыныптан бастап оқушы дүниені біртұтас қабылдауы арқылы өзі үшін де, қоғам үшін де, табиғат үшін де ең маңыздысы ізгілікті қарым-қатынас екенін ұғынып өсуі керек. Пәндерді интеграциялау негізінде бастауыш сынып оқушысының дүниені біртұтас етіп тану тәжірибесі қалыптастырылады. Ал біртұтас танылған дүниенің адам өмірі үшін соншалықты маңызды екенін оқушылар ізгілікті қарым-қатынас жасау тәжірибесін үйрену арқылы түсіне алады.

Қазақстан Республикасының «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын жүзеге асырудың бір сапалы бағыты пәндерді интеграциялай оқыту деп саналады. Осы бағытта әдіснамалық және теориялық негіздері

анықталған арнайы әдістемелік жүйе жасалынуы уақыт талабымен үндес келіп отыр. Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу пәндерінің интеграциясы негізінде пәндік құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемелік негіздерін анықтап, оларды қалыптастыру компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындау міндеттері алға қойылып отыр.

Ұсынылып отырған «Бастауыш мектеп пәндерін интеграциялап оқытуда педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы осы міндеттерді шешуге бағдарланған.

2. ГЛОССАРИЙ

Абстракттілі ойлау – ұсақ бөлшектерден дерексіздендіруге және жағдайға біртұтас қарауға мүмкіндік беретін ойлаудың бір типі.

Білім берудегі метапәндік нәтижелер– оқушылардың бір, бірнеше немесе барлық оқу пәні аясында игерген нәтижелері, тек білім беру үдерісінде ғана емес, сонымен қатар өмірлік жағдайларда түрлі мәселелерді шешуде қолдануға болатын іс-әрекет тәсілдері.

«Білім» метапәні– оқушыларды біліммен жұмыс істеу мәдениетін енгізу арқылы олардың теориялық ойлауын қалыптастыруға бағытталған жұмыстың бір формасы.

«Белгі» метапәні– ақпаратты сызбалау және есептеу, кодтау және декодтау, шифрлау және шифрын ашу, белгілер мен символдарды қолдану және оларды түсіну, модельді модельдеу және қайта түрлендіру біліктерін қалыптастыру.

Динамикалық қозғалыстағы интеграция – жекелеген элементтердің біртұтастықты құрауға кірігу үдерісі.

Жалпы құзыреттілік — кәсіптік және еңбек мәселелерін шешуге бағытталған және түлектердің еңбек нарығындағы әлеуметтік және еңбек қатынастарына интеграциялану факторы болып табылатын барлық (көпшілік) кәсіптер мен мамандықтар үшін өзгермейтін қызметтің әмбебап әдістері.

Интеграция – бұл екі ғылым элементтерінің жай қосылуы емес, ол табиғат заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндей дәрежеде олардың жаңаша жүйеленген ішкі бірлігі педагогикалық техника – мұғалім іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен сыртқы мазмұнының үйлесімді бірлігіне әсер ететін тәсілдер жиынтығы

Интегративтік курс – міндетті оқылатын пәндердің білім мазмұны негізінде мұғалімнің бір тақырып бойынша бірнеше пәннен біріктіріп әзірлеген факультативтік курсы.

Интеграция – оқушылардың дүниеге біртұтас көзқарасын қалыптастыруда тұтастықты құраушы бөлшектердің жаңа сапаға біріктірілуі және тәртіптелген қызмет етуі.

Кәсіби құзыреттілік — кәсіби міндеттерді шешуде практикалық тәжірибе, білік және білім негізінде табысты әрекет ету қабілеті;

Кіріккен сабақ – оқу-танымдық әрекеттің негізгі деп таңдап алынған біреуіне басқа әрекеттер түрі біртіндеп қосыла отырып, нәтижесінде өзара кіріге келе, мүлде жаңа нәтижеге қол жеткізетін интегративті сабақ түрі.

Қабылдау - заттар мен құбылыстардың миымызда «тұтастықта» бейнеленуі болып табылады.

Қарым-қатынас – біртұтас материалдық әлеммен детерминденген барлық құбылыстардың өзара байланыстарының қажетті элементі.

Қаттастырылған сабақ – білімдік ақпараттың жай кеңеюі емес, күрделі логикалық міндетті шешіп, келесі сатыға көтерілгенін оқушы сезінетін, түсінетін қадамдар жасатуға дағдыландыратын және интегративтік үдерістің вертикалды түріне бейімдейтін интегративті сабақ түрі.

Құзыреттілік - бұл кез-келген адам жақсы білетін мәселелер шеңбері.

Метабілім – білім туралы, оның құрылымының қандай болатындығы және құрылымданғаны туралы білім; білімді меңгеру туралы білім, яғни танымның амалдары мен әдістері (когнитивті біліктер) және олармен жұмыс істеу мүмкіндіктері туралы білім (философия, әдіснама, көпсалалы ғылым).

Метатәсіл – олардың көмегімен адамның міндеттерді шешудің жаңа тәсілдерін ашатын, міндеттерді шешудің мазмұнды тәсілдерін табуға мүмкіндік беретін стереотиптік емес жоспарлар мен бағдарламаларды құратын әдістер.

Метабілік – меңгерілген метатәсілдер, жалпы-оқу, пәнаралық (пәннен тыс) танымдық біліктер мен дағдылар.

Метапән – бұл дәстүрлі оқу пәндерінен тыс құрылатын жаңа білім беру формасы.

Метапәндік тәсілдеме– оқу материалын біріктірудің ойлау әрекетіне негізделген және дәстүрлі мектеп пәндерінің үстіне құрылған білім беру формасы.

Ой әрекеті– бұл мақсатты түпкі ойды құруға, қойылған мақсаттарға сәйкес ситуацияда даму тәсілдерін ұйымдастыруға, жұмыс тәсілдерінің тиімділігін әрі қарай талдауға негізделген рухани белсенділіктің түрі.

Ойлау– объективті шындықты белсенді бейнелеу барысы; білімнің ұғым, пікір, ой-тұжырым және т.б түрінде құралуы, қозғалуы, дамуы.

Панорамалық сабақ – бастауыш сынып мұғалімінің екі не үш пән бойынша балалардың тыңдауына әсерлі, көруіне танымдық қызықты, қабылдауына өте қолайлы етіп ұйымдастыратын интегративті сабақ түрі.

Пәнаралық байланыс – жеке пәндерге тән ортақ қасиеттерді білу, саналы меңгеру – оқушылардың білім танымының жоғары дәрежелігін көрсетеді, дүниетанымдық көзқарасының орнықты қалыптасу үдерісін танытады.

«Проблема» метапәні– мазмұны ойлау қабілетінің дамуын және оқушының тұлғасын (субъектілігін) дамытуды қамтамасыз етеді, себебі адам проблемалық жағдайға түскенде, аталған жағдайды тек ойша ғана талдап қоймайды, сонымен бірге міндетті түрде проблеманы туындататын мәселе бойынша өзіндік көзқарасын қалыптастырады.

Пәнішілік интеграция – бір пәннің мазмұнындағы тақырыптардың, тақырыптардағы білім мазмұнының, ұғымдардың, дағдылардың т.б. өзара кірігуі.

Пәнаралық интеграция – екі немесе одан да көп пәндердің білім мазмұнындағы деректердің, ұғымдардың, қағидалар мен ұстанымдардың, дағдылардың т.б. өзара кірігуі.

Педагогикадағы модельдеу – педагогикалық материалдардың, құбылыстардың, үдерістердің көшірмесін құрастыру, зерттелетін педагогикалық жүйелерді схемалық бейнелеу.

Схематология – бұл білімді көрсетудің визуалды формаларын оңтайландыру әдістерін, көру арқылы қабылдау тәсілін өзгерту және көру анализаторы жұмысының баяу сукцессивті режимінен жылдам симультандық режимге өту есебінен ғалымдардың, мамандар мен оқушылардың ақыл-ой еңбегінің өнімділігін арттыру мақсатында, күрделі ғылыми және оқу мәтіндерін графикалық мәтіндерге қайта құру әдістерін зерттейтін жаңа ғылыми бағыт.

Сызбалау– мәтіндік материалдың маңызды бөлшектерін алып тастау, оның көрнекілігін және қолжетімділігін арттыру есебінен күрделі мәтіндерді зерттеу бойынша жұмысты жеңілдетуге мүмкіндік беретін арнайы құрастырылған схематологиялық және когнитивті-эргономикалық әдістер негізінде мәтіндік материалдың аса маңызды элементтерін анықтау және оларды графикалық сызба формасына қайта құру үдерісі.

Схематолог – мәтіндік материалдарды сызбалауды жүзеге асыратын маман.

Сызба курсы– мәтіндік материалдардың негізгі мазмұнын дәл және көрнекі түрде көрсететін мәтіндік материалдарды сызбалау нәтижесінде алынған графикалық сызбалардың альбомы болып табылатын жаңа типтегі оқу құралы.

Статикалық күйдегі интеграция – жекелеген элементтердің белгілі бір тұтастыққа байланысып орналасқан күйі.

«Тапсырма» метапәні– оқытуда оқушылардың жағдайларды түсіну және сызбалау қабілеттері, тапсырманың объектісін модельдеу, шешу тәсілдерін құрастыру, мақсатқа жетудің әрекеттік процедураларын құру қабілеттері қалыптасады.

Транспәндік интеграция – негізгі білім беру мазмұны мен қосымша білім беру мазмұнындағы компоненттердің жинақталып, синтезделуі.

Тізбектелген сабақ – бұл түрлі пәндерден алынған ортақ мәліметтердің бірінен соң бірінің тізбектеле берілген және интегративтік үдерістің горизонталды түріне бейімделген интегративті сабақ түрі.

Шиыршықталған сабақ – жоғары және кеңейтіле дамып, толықтырылып отырылатын, эвристикалық ізденіс жолымен жүре отырып, нәтижесінде теориялық белгілі бір ереже жасау, ол ережеден ары қарай жүре отырып, жаңа ақпарат алу интегративті сабақ түрі.

3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫБЫ

«Бастауыш мектеп пәндерін интеграциялап оқытуда педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы мазмұнының жаңашылдығы білім алушылардың мамандықтағы

бастауыш мектеп пәндерін интеграциялап оқытудың құзыреттілігін, кәсіби менеджмент, коммуникативтік дағдылары, этикалық нормалары, экологиялық мәдениет және мәдениет аралық мінез-құлық көзқарастарын қалыптастыруды ескерген.

Педагогтердің пәндік құзыреттіліктерінің интеграциялай отырып қалыптасуы ретіндегі ерекшеліктері (динамизм және дамушы мінез, белсенділік пен коммуникациялық бағыттылық, т.б. оның мәні функционалдық сауаттылықтың нақты пәндік мазмұны бар және тұлғаны дамытуға бағытталған дағдыларды мен жеке тұлғаның үйлесімді дамуының шарты ретіндегі пәндік құзыреттерді қалыптастырумен бағалау туралы негізгі идеялар мен пәндік циклінің, метапәндік немесе жеке білім беру нәтижелеріне арналған бастауыш мектепте білім беру стандартының талаптары арасындағы байланысты ашады.

Ұсынылып отырған біліктілікті арттыру курсы бастауыш білім беру пәндерін интеграциялап оқыту тұрғысын теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу және «метапән», «метапәндік тұрғыда оқыту» ұғымдарының мәні, құрылымы және мазмұны айқындалады. Бастауыш білім беру пәндерін интеграциялап оқытуда оның құрылымдық-мазмұндық сипаты қарастырылады. Педагогтердің пәндік құзыреттіліктерінің компоненттері мен өлшемдерін, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталады. Бастауыш білім беру пәндерін интеграциялап оқыту әдістемесі әзірленіп, тиімділігі дәйектеліп, ұсыныстар беріледі.

«Бастауыш мектеп пәндерін интеграциялап оқытуда педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» біліктілікті арттыру курсы 80 сағат көлемінде жоспарланып, бастауыш мектептің мұғалімдерін қамтиды.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Курстың мақсаты. Бастауыш мектеп пәндерін интеграциялап оқытуда педагогтердің құзыреттіліктерін дамыту тәсілдерінің негізгі ұстанымы – мұғалімнің өз тәжірибесіне сүйене отырып, бастауыш сыныптың пәндерін оқыту түрлеріндегі мәселелерді өздігінен шешу қабілетін дамыту. Оқу процесін ұйымдастыруда білім беру мазмұнын құрайтын танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, дүние танымдық, адамгершілік және басқа да мәселелерді шешуде мұғалімнің тәжірибесін қалыптастыруға жағдай жасау.

Курстың міндеттері:

- Белгілі бір дағдыларды дамыту үшін бастауыш мектептен бастап құзыреттілік тәсілді қалыптастыру қажеттілігін білу;
- Білім беру нәтижелерін бағалау белгілі бір кезеңде қол жеткізілген құзыреттілік деңгейлерін талдауға негіздеу;
- Құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру педагогтердің оқу мақсаттарын қайта ойластыруын; метапәндік білім беру технологияларын мұқият таңдауын;

оқытудың метапәндік әдіс-тәсілдеріне бағытталған белгілі бір талаптар жүйесін қалыптастыру;

- Оқу үрдісінде жоба әдісін қолдану, сыни тұрғыдан ойлауды, пікірталас әдісін, кейс-стадилерді, стандартты емес тапсырмаларды дамыту, ғылыми-практикалық сипаттағы оқу әрекетін ұйымдастыруды және т.б. шеберліктерді дамыту, **курсты оқыту барысында қолданылатын әдістер:** дискуссия, эвристикалық әңгіме, метажазпар, интерактивті сұхбат, рефлексия, супервизия, брейнштурминг, тренингтік тәсілдер, кейс-стади, Блум таксономиясы, іскерлік ойындар және т.б.

Күтілетін нәтиже: «Бастауыш мектеп пәндерін интеграциялап оқытуда педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» курсы бағдарламасының теориялық, практикалық және әдістемелік құзыреттіліктерді меңгеру деңгейін өлшеу үшін курс тыңдаушыларының оқу нәтижелерін бағалау қарастырылады.

Білім беру бағдарламасын меңгеру сапасын бағалау сабаққа қатысуды тұрақты бақылауды, сабақтың әртүрлі кезеңдеріне қатысуды, аудиториядағы басқа тыңдаушылармен қарым-қатынасты, дәреже/жауаптылықты, жаңа идеялар мен шешімдерді ұсынуды қамтиды. Ағымдағы бақылау нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған тыңдаушылар қорытынды аттестацияға қатысуға жіберілмейді.

Білім беру бағдарламасын игеру қорытынды бағалау Google формасында тестілеумен аяқталады, ол тыңдаушылардың теориялық және практикалық дайындығын анықтауға бағытталған, қорытынды бағалау бағдарламаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ТАҚЫРЫБЫ

Тақырып 1. «Бастауыш мектепте білім берудің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері»

Нормативтік құқықтық модуль тақырыптары педагог қызметкерлердің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының негізгі заңнамалық актілерімен, педагогтердің қызметіне қойылатын заманауи талаптарымен таныстырады.

Тақырып 2. Бастауыш мектеп мұғалімдерінің интеграциялық оқытудағы пәндік құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері

Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың мүмкіндіктері мәселесі бойынша, бастауыш сынып мұғалімдерінің өзара қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтау бойынша жүргізілген ізденістерге талдау жасау, нәтижесінде бастауыш сынып мұғалімдерінің ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық модельмен танысу.

Тақырып 3. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытудың дидактикалық интеграциялық әлеуеті

Метапәндік оқытудың интеграциялық ішкі жүйесі және оның құзыреттіліктерін қалыптастыру сипаттамасы. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытудың мүмкіндіктері. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытудың педагогикалық шарттары.

Тақырып 4. «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін оқыту мазмұнымен әдістерін жетілдіру»

Курстың негізгі тақырыбын, теориялық және әдіснамалық негіздерін, зерттелетін материалдың практикалық маңыздылығымен жаңалығын ашады. Оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі әдістерін, тәсілдерін, құралдары мен формаларын кешенді қолдануда оңтайлы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оларға мыналар жатады: іскерлік ойындар, жағдаяттық тапсырмалар, кейстер, шығармашылық тапсырмалар (стартаптар). Тақырыпта теориялық және әдістемелік аспектілер ұсынылған: әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-экономикалық, адами мәселелерді бағалау және шешу қабілетін дамыту, күнделікті өмірдегі мысалдарын қарастыру.

Тақырып 5. Бастауыш мектеп пәндерін интеграциялап оқытуда педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін дамыту бағдарламаларын жобалау әдістері мен құралдары. Өзін-өзі және өзара бағалау.

Тыңдаушылар интеграциялап білім беру бағдарламалары мен жобаларын іске асыру шарттарымен танысады; білім алушыларда пәндік құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған жобаларды іске асыру үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануды үйренеді. Интеграциялық білім беру нәтижелерін бағалау критерийлерімен және нысандарымен танысады; білім алушылардың метапәндік құзыреттіліктерін бағалау үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануды үйренеді.

Тақырып 6. «Педагогтердің зерттеу және жобалау құзыреттерін дамыту»

Педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру мұғалімнің жобалау қызметіне байланысты. Жоба әдісін қолдану арқылы білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту қажеттілігін негіздей отырып, зерттеушілік дағдыларын дамыту бойынша теориялық ақпаратты тұжырымдап, құрылымдайды, жобалау алгоритмінің негізгі кезеңдерінің мазмұнын түсіндіре алады. Бүкіл әлемде оқыту тәжірибесінде кеңінен қолданылады. Өзінің ұжымдық, зерттеушілік және рефлексивті сипатының арқасында бұл тәсіл педагогтерді оқыту және білім алушылардың кәсіби қауымдастықтарын құру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Іс-әрекеттегі зерттеу рефлексиялық және зерттеушілік құзыреттілікті дамытуды, педагогтің ғылыми-зерттеу және кәсіби іс-әрекетінің нәтижелерін көрсету дағдыларын қамтиды.

Тақырып 7. Пәндік оқытуды интеграциялау арқылы бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуы.

Пәндерді оқытуда әртүрлі белсенді әдістерді, тәсілдерді және оқыту стратегияларын қолдану ұсынылады. Мысалы: Интерактивті әдістер: пікірталас, дебат, рөлдік ойындар және кейс-стади сияқты интерактивті әдістерді қолдану білім алушылардың сабаққа белсенді қатысуына, өз

пікірлерін білдіруге және тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Бұл сыни ойлауды, коммуникативті дағдыларды және әлеуметтік белсенділікті дамытуға ықпал етеді. Жобалау іс-әрекеті: білім алушыларға әлеуметтік және тарихи проблемалармен байланысты жобаларды орындауды ұсыну оларға білімді практикада белсенді қолдануға, шығармашылық және зерттеу дағдыларын, сондай-ақ қоғамдық жауапкершілікті дамытуға мүмкіндік береді

Тақырып 8. STEM/ STEAM технологияларын қолдану бойынша ұсынымдар

Материалды іріктеу және дайындау үшін STEM технологиялары негізінде әртүрлі графикалық құралдарды пайдалану, бұйым жасау үшін эскиздерді дайындау, сонымен қатар графикалық және технологиялық құжаттарды әзірлеу кезінде жобалық жұмыс бойынша тәжірибелік сабақтарда мультимедиялық технологияларды қолдану жолдары. Білім беру сапасын арттыру және теориялық білімді практикамен ұштастыру мақсатында еңбекке баулу, бейнелеу өнері, көркем еңбек пәндерінен кейбір тақырыптық сабақтарды қауіпсіздік ережелерін сақтап, жергілікті жағдайларды ескере отырып өткізу ұсынылады.

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Білім беру процесі курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес (1-кесте) ұйымдастырылады. 80 сағаттық курстың оқу үрдісін ұйымдастыру «Құқықтық-нормативтік модуль», «Педагогикалық-әдіснамалық модуль» және «Әдістемелік-технологиялық модуль» деп аталатын 3 модульды қамтиды. Сабақ түрлері оқытудың негізгі формалары – дәрістер мен практикалық сабақтардан тұратын аудиториялық оқу, тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары болып табылады.

Курстың «Құқықтық-нормативтік модульде» нормативтік құқықтық модуль тақырыптарында педагог қызметкерлердің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының негізгі заңнамалық актілерімен, педагогтердің қызметіне қойылатын заманауи талаптарымен таныстырады. «Құқықтық-нормативтік модульдің» жалпы көлемі – 13 сағат.

«Педагогикалық-әдіснамалық модульде» бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың мүмкіндіктері мәселесі бойынша, бастауыш сынып мұғалімдерінің өзара қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтау бойынша жүргізілген ізденістерге талдау жасау, нәтижесінде бастауыш сынып мұғалімдерінің ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделмен танысу және метапәндік оқытудың интеграциялық ішкі жүйесі және оның құзыреттіліктерін қалыптастыру сипаттамасы мен метапәндік тұрғыда оқытудың мүмкіндіктері беріледі. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытудың педагогикалық шарттары анықталады. Жалпы көлемі – 36 сағат.

Курстың «Әдістемелік-технологиялық модульде» тыңдаушы мен бастауыш сынып оқушысының ерекше білім қажеттіліктерін анықтау мен

бағалау технологиялары және интеграциялық құзыреттіліктерін құжаттамалық қамтамасыз ету әдістемесі қарастырылады. Бастауыш сынып мұғалімдерінің функционалды сауаттылықтарын білім беру сапасын арттыру үшін оқыту мазмұнымен әдістерін жетілдіру мәселесі талданады.

Модульдың ұзақтығы 30 сағат.

1-кесте: курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	МАЗМҰНЫ	Академиялық сағат саны, сабақ түрі			
		Дәріс	Тәжір.	ТӨЖ	Барл.
I. Құқықтық-нормативтік модуль		4	4	5	13
1	Білім беру саласындағы педагогтердің қызметін айқындайтын стратегиялық және нормативтік құжаттар	2	2	2	6
2	«Педагог» кәсіптік стандарты	2	2	3	7
II. Педагогикалық-әдіснамалық модуль		8	16	12	36
1	Бастауыш мектеп мұғалімдерінің интеграциялық оқытудағы пәндік құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері	2	4	2	8
2	Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытудың дидактикалық интеграциялық әлеуеті	2	4	4	10
3	Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін оқыту мазмұнымен әдістерін жетілдіру	2	4	4	10
4	Бастауыш мектеп пәндерін интеграциялап оқытуда педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін дамыту бағдарламаларын жобалау әдістері мен құралдары. Өзін-өзі және өзара бағалау.	2	4	2	8
III. Әдістемелік-технологиялық модуль		12	12	6	30
1	«Педагогтердің зерттеу және жобалау құзыреттерін дамыту»	4	4	2	10
2	Пәндік оқытуды интеграциялау арқылы бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуы.	4	4	2	10

3	STEM/ STEAM технологияларын қолдану бойынша ұсынымдар	4	4	2	10
Қорытынды аттестация		1			
Барлығы		24	32	24	80

Тәжірибелік сабақтарда тыңдаушылардың кәсіби әлеуеттері тақырып аясында жоспарланған тапсырмаларды орындауға жұмылдырылады. Бұл үрдіс дискуссия, эвристикалық әңгіме, метажазпар, интерактивті сұхбат, рефлексия, супервизия, брейнштурминг, тренингтік тәсілдер, кейс-стади, іскерлік ойындар және т.б. әдістер мен техникалардың көмегімен жүзеге асады. Тәжірибелік сабақтардың тапсырмалары 2-кестеде бейнеленді және олардың ұзақтығы – 32 сағат.

Курстың соңында тыңдаушылар Google формасында тестілеуден өтеді.

2-кесте: тәжірибелік сабақтардың бағдарламасы

Тақырып	Кіріспе	Тақырыпты тұжырымдау	Жаттығулар, ойындар	Талқылау	Кері байланыс, рефлексия
Әдістемелік-дидактикалық тұрғыдан ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен зерттеу жұмыстары жинақталып, оларға ғылыми талдаулар жүргізу	Ұлттық білім беру саясатын а шолу, Қазақстандағы бастауыш білім беру	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қоспағанда, білім берудің барлық деңгейлеріндегі педагогтердің біліктілік деңгейіне, құзыретіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларын а қойылатын талаптарды айқындайтын құжат.	Өзгертулер мен түзетулер енгізу, Жаңа мақсаттар қою	1) Нормативті құжаттарды талқылау	«Табыс баспалдағы» стратегиясы

Интеграциялық құзыреттілік ұғымы. Білім беру жүйесіндегі интеграциялық құзыреттіліктердің рөлі, түрлері, құзыреттерге қойылатын талаптар	«Таңғы тілек» техникасы	мұғалімдерінің өзара қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтау бойынша жүргізілген ізденістерге талдау жасау	Мақсат, критерийлер, үлгі, тыңдаушылар арасындағы кері байланыс	Жұмыс барысын, пікір, тапсырмаға қатысты бөлуді ұйымдастыру	Өткен жұмыстардың портфолиясы шарты бойынша қорытынды нәтиже көрсету
Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытудың мүмкіндіктері	«Күншуақ» техникасы	Ұтымды өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау стратегиясы бойынша аңдатпа мысалдар жинағын жасау.	Әр топтың өкілдеріне н тұратын сарапшылар тобында ЖИГСО әдісі бойынша тапсырма әзірлеу.	Өткен тақырыппен салыстыра отырып өзін-өзі жетілдіруді тексеру.	«Білемін. Білетін болам» стратегиясы
Әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-экономикалық, адами мәселелерді бағалау және шешу қабілетін дамыту, күнделікті өмірдегі мысалдарын қарастыру.	«Менің қалауым» техникасы	Негізгі зерттеудің ойын толық түсіну білігінің болуы; - логикалық қорытындыны жеңіл түрде жасау, салыстыру, өзара байланыс орнату, топтастыру іскерлігінің болуы; -	Рефлексивті-бағалаушылық	Топтық таныстырылымдағы бейне жазу	«Жүзім шоғы» стратегиясы

		пайымның дұрыстығын мәтінге сүйене отырып бағалау әрекетінің болу			
білім алушыларда пәндік құзыреттілікте рді дамытуға бағытталған жобаларды іске асыру үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануды үйрету	«Жалғастыр» техникасы	Интеграциялық білім беру нәтижелерін бағалау критерийлері мен және нысандарым ен танысу	Мұғалімде р танымдық дамуға арналған дәлелдемелерді анықтауды үйренеді және өзін-өзі реттеуге көмектесу үшін өздерінің жағдайларында инновацияларды зерделейді	1) Кешенді көмек маңызы.	Фишбоун стратегиясы
Сыни ойлауды, коммуникативті дағдыларды және әлеуметтік белсенділікті дамытуға ықпал жасау. Жобалау іс-әрекеті: білімді алушыларға әлеуметтік және тарихи проблемалармен байланысты жобаларды	Мен – ерекше мін техникасы	Пәндерді оқытуда әртүрлі белсенді әдістерді, тәсілдерді және оқыту стратегияларын қолдану ұсынылады	Портфолио оны құрастыру дағы өзінділік пен дербестік	Білім беру бағдарламаларын бейімдеу Оқу материал д. бейімдеу.	Синквейн стратегиясы

орындауды ұсыну оларға білімді практикада белсенді қолдану					
Білім беру сапасын арттыру және теориялық білімді практикамен ұштастыруды жергілікті жағдайларды ескере отырып өткізу техникасы	Ой толғаныс- қа негіздел- ген материал	STEM/ STEAM технологиял арын қолдану бойынша ұсынымдар қалыптасады	Әріптесте рдің пікірлеріне н қорытынд ы шығару	Оқыту білім алушыла рдың жаңа ақпаратт ы түсінулер ін, тәжірибе жинақтау ды өзгерту үшін қолданыл атын дағдылар.	Ережелер мен қағидалар ды, негізгі ұғымдард ы білу

Жеке бағдарламаны әзірлеу – дербес шығармашылық қатынас және ұжымдық іс-әрекет екенін түсіну, тыңдаушыларды жаңа кәсіби белеске көтереді. Жобалық менеджменттің команда құраушы әлеуетін оңтайлы қолдануды меңгеру арқылы, тыңдаушылар өздері қызмет ететін педагогикалық ұжымның еңбек өнімділігі мен табыстылығының артуына ықпал етеді. Осылайша, дербестігі мен шығармашылық қатынасының арқасында, білім беру үрдісінде көшбасшылық мәртебесіне көтерілген курс тыңдаушысының соңынан ерген әріптестері «Бастауыш мектеп пәндерін интеграциялап оқытуда педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» біліктіліктілігін арттыру курсының келешектегі әлеуетті тыңдаушылары болары сөзсіз.

Курстың келесі құрамдас бөлігі – тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары (ТӨЖ). Ол оқушының ерекше білім қажеттіліктерін анықтау мен бағалау технологиялары және білім беру үрдісін құжаттамалық қамтамасыз ету әдістемесінің жеке тәжірибелерімен ұштастырылады. ТӨЖ тапсырмаларының тізбесі (30 бірлік) тақырыптарды терең игеру мақсатында құрастырылды және оның жалпы сағаты – 23.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Курсты оқу-әдістемелік қамтамасыз ету үшін, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың тиімді әдістері қолданылады. Ол үшін келесі

қызмет түрлері іске асырылады: оқыту үрдісінің оқу-әдістемелік әдебиеттермен және оқу ресурстарымен қамтамасыз етілуі; ТӨЖ тапсырмаларын күнделікті әзірлеуді бақылау және оларға кері байланыс жасап отыру; оқу үрдісіне заманауи әдістемелерді, оқыту технологияларын және оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарды енгізуді үйлестіру; тыңдаушылардың өнімдерін презентациялауды ұйымдастыру.

Курсты оқыту барысында дискуссия, эвристикалық әңгіме, метажоспар, интерактивті сұхбат, рефлексия, супервизия, брейнштурминг, тренингтік тәсілдер, кейс-стади, Блум таксономиясы, іскерлік ойындар және т.б. әдістер қолданылады.

Бағдарламаның тиімділігін арттыру мақсатында, курстың инновациялық толтырылуы қамтамасыз етіледі. Олар: дәріс сабақтарының презентациялары, тәжірибелік сабақтардың тапсырмалары, ТӨЖ тақырыптары, қолданылатын технологиялардың тізімі: дамыта оқыту, сараланған оқыту, СТО, интерактивті әдістер: кейс-стади, Smart мақсат, SWOT-талдау, брейнштурминг, инновациялық тәжірибелер: трансформациялық жаттығулар, іскерлік ойындары, эзотерикалық техникалар т.б.

Курстың мақсаттары мен міндеттерін дұрыс анықтау тыңдаушылардың нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал ететіні анық. Олай болса, курсты аяқтағанда тыңдаушы қол жеткізуі тиіс түпкі мақсаттарына жету үшін, өлшеу және бағалау әдістері қарастырылады; әр тыңдаушының жеке білім траекториясы анықталады; іс-шаралар жоспары жасалады; олар үшін алға қойған мақсатқа жетуге көмектесетін нақты тапсырмалар құрастырылады; оқу тапсырмаларын орындауды бағалаудың тиімді әдістері іріктеледі; курс шеңберіндегі тапсырмалардың заманауи-кәсіби әлеуеті қамтамасыз етіледі. Осы шарттарды жүзеге асыру барысында мақсатты аудиторияның ерекшеліктерін ескеру қажет: тыңдаушылардың қызығушылықтары мен ынта-ықыластарын ұстап тұратындай белсенді оқуды ұйымдастыру; тыңдаушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, әртүрлі оқу стильдері мен дайындық деңгейлеріне бағдарланған жеке қатынас; тыңдаушы өз ой-әсерлерімен бөлісе алатындай және үрдісті жақсарту мақсатында ұсыныстар жасай алатындай, кері байланыс тетіктерін қамтамасыз ету.

8. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Тыңдаушылардың оқу нәтижелерін бағалау «Бастауыш мектеп пәндерін интеграциялап оқытуда педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» біліктілікті арттыру курсының ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бағалау әдістерінің тиімділігі оқыту нәтижелілігін көрсетеді.

Тыңдаушылардың белсенділігін бағалау шкаласы

Бағалау түрі	Бағалау компоненттері	%	Балл	Қорытынды баға (%)
Сабаққа қатысуы	-	10	10	10

Қалыптастырушы бағалау	Тыңдаушының белсенділігі(20)	Сабақтың әртүрлі кезеңдеріне қатысуы	5	5	40
		Топтағы басқа тыңдаушылар-мен өзара әрекеттесуі Жауап беру дәрежесі / жеделдігі	5	5	
	Практикалық жұмыс(20)	Жаңа идеяларды / шешімдерді ұсынуы	5	5	5
		Тыңдаушының жеке/ жұптық / топтық жұмысы (СӨЖ және қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындауы)	5	5	
Жиынтық бағалау		Кейстерді талдауы / жағдаяттық есептерді шешуі / сабақүзінділерін құрастыруы / эссе	5	5	5
Қорытынды тест			50	21-24	40

4-кесте:Дескрипторды дәстүрлі бағалау жүйесіне көшіру

Баға	Дескриптор
«өте жақсы»	9 - 10 балл
«жақсы»	6 - 8 балл
«қанағаттанарлық»	3 - 5 балл
«қанағаттанарлықсыз»	0 - 2 бал

5-кесте:Жеке бағдарламаны бағалау критерийі

Мазмұн	Критерий	Дескриптор
Функционалдылық	Жеке бағдарлама өзінің негізгі функцияларын қаншалықты жақсы орындайды және өз мақсаттарына	2 балл
		1 балл
		0 балл

	жетеді.	
Қолданудың қарапайымдылығы	Интерфейс пен жеке бағдарламамен жұмыс істеу процесі қаншалықты оңай және интуитивті	2 балл 1 балл 0 балл
Тиімділік	Жеке бағдарлама пайдаланушыларға қажетті нәтижелерге қол жеткізуге немесе белгілі бір дағдыларды дамытуға қаншалықты тиімді көмектеседі	2 балл 1 балл 0 балл
Сенімділік	Жеке бағдарламаның қатесіз және үзіліссіз қаншалықты тұрақты және сенімді жұмыс істейтіні	2 балл 1 балл 0 балл
Инновация	Жеке бағдарлама өз саласында инновациялық және заманауи шешімдерді қаншалықты ұсынады және пайдаланушылардың дамуына ықпал етеді	2 балл 1 балл 0 балл

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау online режимінде, қашықтықтан жүзеге асырылады. Ол үшін WhatsApp желісі және e-mail қызметі қолданылады. Курстан кейінгі қолдаудың міндеттері:

- жеке бағдарламасы «қанағаттанарлық» немесе «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланған тыңдаушыға әдістемелік көмек көрсету; ол үшін курстың озат тыңдаушылары және өнімі төмен бағаланған тыңдаушымен бірге қызмет ететін әріптестері (курстың бұрынғы немесе қазіргі озат тыңдаушылары) 1 ай мерзім ішінде менторлық сүйемелдеуді жүзеге асырады. Курстан кейінгі қолдау форматы, нысандары мен әдістері жағдайға қарай икемделуі мүмкін.

10. ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (14.07.2022ж. өзгертулермен толықтырулармен) online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747

2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/docs/P2300000249>.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348бұйрығымен бекітілген негізгі орта, жалпы орта, техникалық

және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031#z1165>

4. “Педагог” кәсіби стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығымен бекітілген <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149>

5. Қазақстан Республикасының «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген.

6. Қараев Ж.А. Денгейлік оқытудың педагогикалық технологиясы.- Алматы: РМК, 1999 . – 55 б.

7. Жапарова Б.М. Бастауыш сынып пәндерін интеграциялау негізінде білім беру сапасын арттыру//ЕАГИ. Қазақ білім академиясының баяндамалары. №2 2020 ж. –Б.183-191.

8. Хуторской А.В. Педагогическая инноватика: методология, теория, практика: Научное издание. – М.: Изд-во УНЦ ДО, 2005. – 222 с.

9. Безрукова, В.С. Интеграционные процессы в педагогической теории и практике / В.С. Безрукова. — Екатеринбург, 1994. 152 с.

10. Данилюк А.Я. Теория интеграции образования. – Ростов на Дону: Издательство Ростовского педагогического университета. – 2000. – 448 с.

11. Выготский Л.С. Мышление и речь. – Москва: Национальное образование, 2016. – 368 с